

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

29 қаңтар 2019 жыл

KASE акционерлерінің құрамына MOEX кірді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) және "Мәскеу Биржасы" КАҚ (бұдан әрі – MOEX) қол қойылған Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге (дұдан әрі – Келісім) іске асыру аясында KASE 32 360 акциясын сату бойынша мәміле жасасты.

Осы мәміленің нәтижесінде Биржа капиталындағы MOEX үлесі орналастырылған акциялардың 3,32 % құрады.

KASE және MOEX арасындағы Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге 2018 жылдың 10 қазанында қол қойылды. Мәскеу биржасы KASE жарғылық капиталының 20 % екі кезеңмен сатып алуды жоспарлады.

Биржалардың арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушылар мен инвесторларға екі елдің нарықтарына өзара рұқсаттама беру; орталық контрагент институтын дамыту есебінен инфрақұрылымның сенімділігін арттыру және нарықтық тәуекелдерді төмендету; KASE нарықтарының, клирингінің, тәуекелдерді басқаруын және жаңа қаржы құралдарын құру тиімділігін арттыру мақсатында MOEX сараптамалары мен сауда-клирингтік технологияларын пайдалану; KASE көпшілік нарыққа шығуына себептесу және MOEX тәжірибесін KASE акцияларын бастапқы орналастыру жүргізгенде пайдалану болып табылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz